Құттықтаймыз!

Нұра кентінің тумасы, ардақты әкеміз **Бибосынов Сөрсембай Мұхамеджанұлы** желтоқсан айының 1-ші жұлдызында 80 жасқа толмақ.

Әкемізді мерейтойымен құттықтай отырып, өмірдегі бар жақсылықты көріп, бала-шаға, немере-шөберелерінің қызығына тоймай, көңіліңіз жадыраған жаздың күніндей шуақты болып, жүз жасауыңызға тілектеспіз.

Құтты болсын 80 жылдық мерекеңіз,
Көңіліңіз қуанышпен нұрға толсын.
Жан әке, арманымыз - қартаймаңыз,
Қызығы өміріңнің ортаймасын.
Көңіліңде болсын думан-мереке,
Әрқашан да ашық болсын аспаның,
Атқан таңын әкелсін тек қуаныш.

Тілек білдірушілер: балалары: Қарлығаш-Жомарт, Қанат-Гүлмира, Меруерт, жиен-немерелері: Айнура-Назар, Зухра-Құдайберген, Жазира-Серік, немерелері: Армангүл, Гүлназ, Самир, Сөлім және шөберелері.

Құттықтаймыз!

2021 жылдың 3 желтоқсанында Жараспай жалпы білім беретін мектебінің құрметті ұстазы **Балкенова Гүлзада Рахимжановна** мерейлі 55 жасқа келгелі отыр.

Осы қуанышты күні Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Тілек білдірушілер: Жараспай ЖББМ ұжымы.

«Казахдорстрой» ЖШС Қарағанды облысы Нұра ауданында орналасқан «Байтуған» сазды және сазды таужыныс кенін өндіруге арналған тау-кен жұмыс жоспарының «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне **қоғамдық тыңдаулар өткізеді.** Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Нұра ауданы, Беняш ауылы. Қоғамдық тыңдау 06.01.2022 ж. сағат 16.00-де Нұра ауданы, Байтуған ауылы, Әуезов, 29 көшесінде орналасқан мектеп ғимаратында өткізіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

ҚР аумағында ТЖ және карантин режимі күшейген жағдайда тыңдаулар бейнеконференция форматында өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 846 405 9946. Пароль: 777.

Бастамашы – «Казахдорстрой» ЖШС, тел. 8(747)8851249.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, тел.: 8(777)4212014.

Порталға сілтеме: https://ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/contacts?lang=ru

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде мекеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ мекеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі мекенжайдан алуға болады: e-mail: alait2030@gmail.com және тел.: 8 (777) 4212014.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды қ, Лободы к, 20, тел.: 8 (7212) 568166, электрондық мекенжайы: expertiza.upr_krg@mail.ru

Хабарландыру фотосы сайтта орналастырылады https://ecoportal.kz

---

ТОО «Казахдорстрой» проводит общественные слушания на раздел «Охрана окружающей среды» к плану горных работ на добычу глин и глинистых пород на месторождении «Байтуган», расположенном в Нуринском районе Карагандинской области.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Нуринский район, с. Байтуган.

Слушания состоятся 06.01.2022г., в 16.00 ч., по адресу: Нуринский район, с. Байтуган, в здании школы по ул. Ауэзова, 29. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

В случае усиления режима ЧС и карантина на территории РК, слушания будут проведены в формате видеоконференции. Для принятия участия необходимо скачать приложение ZOOM Meeting Cloud. Идентификация конференции: 846 405 9946. Пароль 777.

Инициатор – ТОО «Казахдорстрой», тел. 8(747)8851249.

Разработчик проектной документации: ТОО «АЛАИТ», тел. 8 (777)4212014.

Ссылка на портал: https://ecoportal.kz/ и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/contacts?lang=ru

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, по e-mail: alait2030@gmail.com и по тел: 8 (777) 421-20-14.

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний, - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», г. Караганда, ул. Лободы, 20, тел.: 8(7212)568166, электронный адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru

Фото объявления будет размещено на сайте https://ecoportal.kz

Ремонт телевизоров, мониторов, ноутбуков и т.д.
Продаются б/у и новые телевизоры, оборудование “Отау ТВ”.
Куплю на запчасти ж/к сломанные телевизоры.
Тел: 87770743133, 87085452732, дом.: 47296

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың шығармашылығы

Қазақ халқы тарихында есімі алтын әріппен жазылған ақиық ақын Қасым Аманжоловтың туылғанына бүгінде 110 жыл толмақ. Осы тұста, ұлы ақынның өзіміздің жерлесіміз екендігі, жалпы өмірбаяны баршамызға мәлім екеніне күмәнім жоқ. Дәл осы жазбамда осынау дауылпаз ақынның өтетін жол әсершіл, ұшқыр қиялды ақын жанын қатты тебірентеді. Соның нәтижесінде, «Орал», «Сарыарқа», «Байкал», «Өтіп бара жатырмын» тәрізді тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келеді. Ұлы Отан

соғысы тақырыбындағы қазақ поэзиясының ірі жетістігі дегенде, Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы айрықша аталатыны заңды. Бұл шығарманы үлкен ақындық дарын қуаттылығының нәтижесі деп бағалаған орынды.

Қасым Аманжолов жайлы сөз қозғағанда, оның ақындық мұрат-мақсатын, суреткерлік миссиясын анық таңбалаған, көркем бейнелеген туындысы, оның «Өзім туралы» атты әйгілі өлеңі жайында айтып өтпеу мүмкін емес. Бұл Қасым – тағдырды бейнелеген көлемді де күрделі лирикалық баян Абайдың «Өлсем орным қара жер» сияқты классикалық туындымен мазмұндас, бәлкім деңгейлес дүние. Мұнда өмірге ақын болып келген адамның барша күдігі мен үміті, мынау жарық дүниеге айтар назы мен мұңы, өзегінен шыққан өлең - өнерге деген махаббаты мен құштарлығы соншалықты терең, соншалықты әсерлі айтылған.

Жалпы халықтың тума дарыны айтарлықтай аз ғұмыр кешкенмен де, артынан өшпестей із қалдырғаны сөзсіз анық. Өмірде адамның рухани азаттығына, өнерде суреткерлік еркіндікке ұмтылған, нағыз ақындық тағдыр кешкен, сырлы сөздің мұраты мен сертіне жеткен «Аманжол – Рахымжанның Қасымының» асыл мұрасы бүгінгі азат елдің, тәуелсіз Алаш баласының бағалы да байтақ қазынасы. Сөзі тозған жоқ, өлеңі ескірген жоқ, уақытпен үндесе алмай жатқан жоқ. Шығармаларының келешек ұрпаққа берері мол. Қасым сол баяғы Қасым күйінде қала береді. Майданда от кешкен, тұрмыс тауқыметін тартып, дертті болған тұлғаны ұлықтау - бүгінгі және келер ұрпақтың парызы.

Тасболатова Арайлым Маратқызы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика мамандығының 1-ші курс студенті.

После смерти Жовтановского Василия Анатольевича, 18.02.1960 г.р. (дата смерти – 08.10.2021 г.), открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу С. Абильдинову по адресу: п. Нура, ул. Тауелсыздык, 30. №225

ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: Нұра аудандық әкімдігі Меншік иесі: “Аудандық “Нұра” газетінің редакциясы” ЖШС-гі Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінен 2012 жылдың 16 қаңтарында бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №12240-Г куәлік берілген.	Бас редактор **Тазагүл ПІШЕНБАЕВА** Индекс: 100900 Мекенжайымыз: Қарағанды облысы Нұра ауданы Нұра кенті, Талжанов көшесі, 5а үй. Электронды адрес: **gazeta.nura@mail.ru** Телефондары: Бас редактор: 22-4-77	Газет ЖШС “Типография Арко” баспаханасында басылған. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15 Телефондары: 41-17-83, 41-17-80 Офсеттік басылым, көлемі 2,0 баспа табақ. Газет аптасына 1 рет шығады	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді	Газет аптасына 1 рет шығады Индексі 65421 Тиражы 2553 Тапсырыс 47